

## КОГНИТИВТІК МЕТАФОРАНЫҢ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ ӘЛЕУЕТІ (ОНОМАСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ)

\*Рысберген Қ.Қ.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан,  
e-mail:[ms.rysbergen@mail.ru](mailto:ms.rysbergen@mail.ru), ORCID: [0000-0002-4205-9655](https://orcid.org/0000-0002-4205-9655)

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – қазақ ономастикалық атауларының номинациясындағы когнитивтік метафора феномені мен оның лингвотанымдық әлеуетін айқындау және мәдени репрезентативтілігі жоғары тілдік категория екендігін көрсету. Ұлттық топонимдердің мазмұндық межесінде халықтық көптеген этномәдени білімдер жүйесі мен ақпараттар шоғырланған. Когнитивтік метафораның түрлері мен іргелі сипаттары мен топоним жасауға қатысатын метафоралық аталым механизмі дәйектеледі. Сондай ақ метафораның когнитивтік санада топонимдік атаулардың жасалуының концептуалдану механизмі мен этномәдени ерекшеліктері сөз болады. Метафораның лингвотанымдық әлеуеті соматикалық атаулардан жасалған географиялық терминдер мен тұрмыстық зат атауларының қатысуымен жоғары белсенділікке ие екендігі дәйектелетіндігі зерттеудің жаңалығын айқындайды. Мифоним семантикасындағы кодқа салынған имплицитті ақпарат аксиологиялық мазмұнға ие, халықтың моральдық-этикалық құндылықтар мен антиқұндылықтардан хабардар ететіндігі туралы тұжырымдар лингвокогнитология, когнитивтік ономастика, ұлттық ономастикалық ғылымның теориялық базасын кеңейте түседі. Топонимдік атау жасау барысында когнитивтік метафораның концептуалдану ерекшеліктері арнайы когнитивтік құрылымдар (фрейм, субфрейм, слот) арқылы құрылымдалатындығы нақты мысалдармен көрсетілгендігі зерттеу тақырыбының құндылығы мен зерттеу әдістерін айқындайды. Метафоралау әдісінің ономастиканың өзге де сала атауларын зерттеуде, олардың семантикалық өзегінде, концептуалдық-ассоциативтік өрісінде шоғырланған, кодталған мәдени ақпараттарды, халықтық білімдерді айқындауға, қолжетімді етуге ықпалы зор, болашағы бар бағыт екендігі жөнінде қорытынды жасалды.

Зерттеуде концептуалдық компоненттік талдау, когнитивтік модельдеу әдістері қолданылды. Бұл әдістер когнитивтік метафора арқылы жасалған ономастикалық атаулардың концептуалды семантикасын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесін лингвомәдениеттану, когнитивтік ономастика курстарында, практикада Қазақ тілінің ұлттық корпусының ономастикалық ішкорпусындағы ономастикалық бірліктердің этномәдени семантикасын айқындауға, жалпы мәдени репрезентативті ішкорпустарды әзірлеуде қолдануға болады, сондай ақ лингвомәдениеттану, когнитивтік ономастика арнайы курстарындағы дәрістерде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** когнитивтік метафора, ономастика, топоним, мифоним, этномәдени ақпарат, метафоралық аталым, географиялық терминдер, соматикалық метафоралар

**Мақала ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің BR08555303 «Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау» гранттық жобасы аясында дайындалды**

### Негізгі ережелер

Ұлттық ғаламның тілдік бейнесіндегі аса тұрақты да маңызды құбылыс – метафоралық номинация. Өз кезегінде метафоралық номинация тілдегі бар

құралдардан өзге затқа байланысты екінші ұғым, мағына жасайтын болғандықтан, *екіншілік жанама номинация* түріне жататыны белгілі. Аталмыш метафора типтерінің ішінен зерттеу нысанамызға сәйкестендіргіш немесе индикативті метафора түрі сай келеді. Адамның тұрмыс-тіршілігіндегі эмпирикалық әрекетімен байланысты физикалық тұрғыдан қабылдауға болатын объектілер үшін метафорада осы сәйкестендіргіш немесе индикативтік функция басым келеді.

Бұл метафора түрі дескриптивтік (нақты, портреттік) мағына түрін туғызады. Қатаң десигнацияға бағытталған бұл метафора түрінің ерекшелігі оны белгілеуші мен метафоралық мағынаның ішкі формасына айналатын бейненің ұқсастығы жатады. Индикативтік метафорадағы сәйкестік оған негіз болған заттардың ақиқат, шынайы түрде ұқсауында. Яғни бұл жерде күрделі абстрактілі метафора жасағандай синтездеу операциялары жүрмейді, тек салыстырылатын заттардың қызмет, пішін, тығыздық дәрежесі (консистенция) ұқсастықтары негізге алынады.

Сөйтіп, сәйкестендіруші метафораның мағынасы жаңа нысана туғызуға әкелетін семантикалық синтездің жемісі емес, бұрыннан бар реалийдің қасиеттерін көрсету.

Байырғы қазақ жер-су атауларының көпшілігі метафораға негізделгендігі, номинацияға уәж болған халықтық географиялық терминдердің қатысуымен жасалғандығы метафоралық аталымның ұлттық топонимжасамның ең өнімді тәсілі екендігін көрсетеді және ғаламның тілдік бейнесін айшықтайтын, халықтық этномәдени феномен екендігі талдау барысында расталды.

### **Кіріспе**

Қазіргі когнитивтік лингвистика метафораны мәтіннің образдылығын арттыратын жай көркемдеуіш троп қана емес, адамның ойлау әрекетінің жемісі деп түсіндіреді. Адам әлемді метафоралық категориялармен концептуалдау барысында ұлттық ұжымның тілдегі танымдық, эстетикалық, бағалауыштық әлеуеті айқындала түседі. Метафоралаудың негізінде когнитивтік сенсомоторлық әрекеттер жатыр. Өйткені адам қоршаған дүниені бес қабылдау сенсорлы арналары арқылы санада өңдейді, яғни мұнда ұжымдық тәжірибе жатыр. Мәселен, ақпаратты қабылдауға қатысты менталды операциялар көру, иіс сезу, дәм сезу, есту, тактильді сезу перцептивтік домендердің кейбіреуін проф.Н. Уәлиев *иісбейне, дәмбейне, тәнбейне* деген қазақшаланған терминдермен белгілейді: [1, 13 б.]. Мәселен, перцептивтік функциясы бір-бірімен мүлдем сәйкеспейтін екі ақпарат қабылдау домендерінің тоғысуынан басқа (жана) абстрактілі ұғым, яғни төл метафора пайда болады: *жұмсақ дауыс, ащы дауыс, жылы көңіл, суық қабақ, ыстық сезім*.

Лингвофилософияда метафоратану (метафорология) ілімі қалыптасқан. Бұл ілімде метафора табиғаты рационалдылық пен бейрационалдылық тұрғысынан қарастырылады. Бір жақ метафора о бастан бейрационалды құбылыс десе, қарсы жақ метафораның өзі рационалды ойлаудың нәтижесі деп түсіндіреді.

Метафора феномені антикалық дәуірдегі Аристотель негізін қалаған риторикадан бастау алып, ұзақ уақыт бойы дәстүрлі классикалық философиялық ілімдерде көркемдеуіш құрал, тілдік тәсіл, троп ретінде қарастырылып келді. Метафораны антикалық авторлар ұқсастық негізінде сөздің ауыспалы мағынасын тудыратын тәсіл (Аристотель), Квинтилианның пайымдауынша бір де бір зат атаусыз қалмауына ықпал етеді, ал Цицерон метафора тілде жетпей тұрған мағынаны қарастырудың жолы деп санаған.

Когнитивтік лингвистика аясында метафораны ойлау тәсілі ретінде зерттеген Э. Маккормак метафораның пайда болу себебін бір-бірімен сәйкеспейтін семантикалық концептілерді адам санасында тоғыстыру, салғастыру әрекеттерімен түсіндіреді [2, 360 б.].

Метафоралану әрекеті негізінде жатқан менталдық және танымдық аспектілер оның когнитивтік сипаты мен концептуалдық теориясын қалыптастырушы америкалық лингвистер Дж. Лакофф пен М. Джонсонның классикалық еңбегінде: «Метафоры пронизывают всю нашу повседневную жизнь и проявляются не только в языке, но и в мышлении и действиях. Наша обыденная понятийная система, в рамках которой мы мыслим и действуем, метафорична по самой своей сути», – деп көрсетеді [3, 387-415 бб.]. Яғни басқаша айтсақ, когнитивтік метафора жаңа ұғым қалыптастыратын, онсыз жаңа білім алуға болмайтын, жаңа білімдерді қалыптастыратын когнитивтік үрдіс [4, 55 б.]. Метафораның тілдегі іргелі сипаты (қызметі емес) екі құбылысты және екі құбылыстың (алшақ жатқан) белгілерін салыстыру, ұқсату, сәйкестендіру арқылы жаңа ұғым, жаңа білім туғызудан көрінеді. Н.Д. Арутюнованың пайымы бойынша, метафораның семантикалық механизміне төрт компонент қатысады: нысаналық екі категория мен олардың жеке-жеке қасиеттері, образды субстантивті метафорада қосалқы нысан ретіндегі салыстыратын термин мен оның сипат-белгілері, сондай ақ, салыстырылып отырған басты нысанның қасиеттері. Сонымен метафора осы аталған екі нысанның айрықша белгілері арқылы қалыптасады [5, 355 б.].

Алайда Ж. Фоконье метафораның аталмыш когнитивтік теориясын жаңаша импульс беріп, менталдық кеңістік теориясы негізінде дамытады. Әдеттегі қосдоменді метафора моделіне альтернативті көпкеңістікті метафора моделін (many-space model) ұсынады. Сөйтіп Дж. Лакофф пен М. Джонстың метафора теориясына қосымша екі домен қосады: ортақ кеңістік (genericspace) және аралас кеңістік (blended space) немесе (blend), домендердің өзара араласу нәтижесінде жаңа ұғым пайда болады [6].

Метафораның феномені туралы Н.Д. Арутюнова: «Метафора – это вызов природе. Источник метафоры – сознательная ошибка в таксономии объектов. Метафора работает на категориальном сдвиге», – дейді [7, 19 б.].

Когнитивтік метафора, сөйтіп қандай да бір концептілерді эталон ретіндегі өзге бір концептіге сүйене отырып түйісуге мүмкіндік береді. Метафораның типтерін айыруда В.Н. Телия олардың мағынасына қарай модустың түрін емес, дәстүрге сәйкес қызметіне сүйенеді, сөйтіп сәйкестендіргіш (идентифицирующая) немесе индикативті метафора (белгілері), бағалауыш немесе эмотивтік (бағалауыш-экспрессивтік) метафора

және көркем метафора (бейнелі немесе бейнелі-эстетикалық) деп жіктейді [8, 190 б.].

### **Материалдар мен әдістер сипаттамасы**

Зерттеуге қажет материалдар Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры әзірлеген 32-томдық Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогынан іріктелініп алынды (2014), сондай-ақ, 15-томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігі материалдары негіз болды. Зерттеу жұмысының бағытына қарай тиімді болғандықтан негізінен мына әдістер қолданылды: тілдік сипаттама, концептуалдық компоненттік талдау әдістері. Бұл әдістер когнитивтік метафора арқылы жасалған ономастикалық атаулардың концептуалды семантикасын түсіндіруге мүмкіндік береді. Америкалық ғалымдар метафораның негізгі үш түрін: *құрылымдық*, *онтологиялық* және *бағдарлық* түрлерін айырады. **Құрылымдық метафорада** *сала-нысана (сфера-мишень)* когнитивтік топологиясы осы сала-нысананың түсіндіру моделі болады. **Онтологиялық метафоралар** абстрактілі мәнділіктерді кеңістікте олардың шекарасын айқындау арқылы категоризациялайды, *бағдарлық метафоралар* біздің әлемдегі кеңістікті бағдарлау тәжірибеміз тіркелген оппозицияда Дж. Лакофф пен М. Джонстың пайымдаулары бойынша – *жоғары-төмен* ұғымдарында көрініс табады. Когнитивтік метафоралану тәсілі бойынша біз топоним семантикасындағы *ат беруші нысана* – донор мен *атты, заттың қасиетін иемденуші, өзіне көшіруші нысана* – реципиент когнитивтік құрылымдау, схема-модельдер арқылы сипаттаймыз.

### **Нәтижелер**

Географиялық кеңістікте орналасқан нысаналарды номинациялауда соматикалық сипат айқын көрініс тауып, кодталады. Ономастикалық атаулар жүйесіндегі, әсіресе, антропонимдік, космонимдік атаулар когнитивтік метафора аталымы арқылы жасалған. Ал жер-су атаулардың метафоралық аталымы негізінен үлкен екі топта өтеді: оларға тұрмыстық, материалдық зат атаулары мен соматикалық атаулар арқау болады.

Зерттеу нәтижесінде соматикалық атаулардан жасалған халықтық географиялық терминдер өте көне сезіле бермейтін генетикалық метафоралар түріне жататындығы көрсетілді: *төбе, маңдай, қабак, мұрын, иек, қолтық, иық, аяқ, табан* т.б. Сондай ақ дәстүрлі мәдениеттегі материалды артефакт зат атаулары (сандық, шара, қауға, кебеже, найза т.б.) метафоралану арқылы жер-су атауларын жасаудағы белсенділігі жоғары екендігі анықталды. Топонимдердің метафоралық жолмен жасалу механизмі когнитивтік құрылымдар (фрейм, слот) арқылы айқындалды.

Мифотопонимдердің уәжіндегі екіншілік семантикалық деңгейдегі кодқа салынған эксплицитты (жасырын) мәдени ақпараттың адами құндылық, ұлттың моральдық-этикалық ұстанымдарымен байланыстылығы көрсетілді (Келіншектау).

Антропонимдер мен космонимдердің жасалуына когнитивтік метафораның орны айрықша. Ғаламның тілдік бейнесінің ұлттық нақышын, метафораланудың, қоршаған дүниені қабылдаудың қайталанбайтын бірегей этникалық ерекшелігін паш етеді.

Ұлттық «метафоралық ғалам бейнесін» құрылымдауда метафоралық номинация табиғи тілдің іргелі сипаты ретінде оның лексика-семантикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік деңгейінде көрініс табады. Ұлттық когнитивтік базада менталитет ерекшелігін айқындай түсетін, ұлттық нақышы қою метафоралық категорияларға фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтел, жұмбақтар, терминологиялық, ономастикалық атаулар жүйесі жатады.

Топонимдік объектілер «метафораланған ғалам бейнесін» құрылымдауда этномәдени кеңістікте орналасқан заттық, геофизикалық нысаналарға жатады. Қазақ тіліндегі жер-су атауларының метафоралануы арқылы өтетін аталым (номинация) үдерісіне арнайы тоқталамыз.

### **Талқылау**

Кез келген тіл мен этномәдениетте вербалдық, семантикалық код әмбебаптық сипатқа ие болады. Қоршаған дүниені қабылдау, оның тілдің өзімен шартталатындығы, тілде көрініс табатындығы да антропоэзеттік табиғатымен айқындалып жатады. Ғаламның өзегі Адамның өзі болғандықтан, адамның тәні мен дене мүшелері кеңістікті бастапқы категоризациялау (мағыналық тараптарға бөлшектеу) үшін негізгі арқау болады. Қоршаған ортаны адам өз өлшеміне қарай өз тәніне сай проекциялайды. Бұл географиялық ландшафты антропоморфтау жолы халықтық географиялық терминдерде кең көрініс тапқан. Мәселен, қазақ тілінде соматикалық терминдерге негізделген адамның төбесінен бастап, табанына дейін 70 халықтық географиялық терминдермен аталғанын байқадық. Олар: *төбе, маңдай, қас, көз, қабақ, жақ, бет, ауыз, иек, мойын, қолтық, бауыр, баурай, бел, сан, аяқ* т.б. белсенді түрде жер-су атауларын жасауға қатысады: *Басайрық, Құмтөбе, Милысай, Аймаңдай, Қарақас, Ақкөз, Тікқабақ, Шекелі, Бетүйеңкі, Құрбеткөл, Қарамұрын, Мұрынсу, Тасмұрын, Құлақтыкөл, Шұбартарауыз, Қызауыз, Кендірсақал, Көлтабан* т.б.. Соматикалық метафоралар мал-жануар дене мүшелерінің атауынан да жасалған, мысалы, *жал, тұмсық, жон, сауыр, құйрық* т.б.

Бұл атаулардағы географиялық терминдер, яғни апеллятивтер өте көне, алғашқылық метафораларға жататындықтан, олардың метафоралық әлеуеті байқала бермейді, көмескіленген деуге болады. Халықтық географиялық терминдердің соматикалық мазмұндағы атауларының метафоралық сипаты бір көргенде анық сезілмеуі мүмкін, сезілмейді де. Біріншіден, олар ерте кездегі, архетиптік ой-сана, танымның жемісі. Мәселен, *иненің көзі, қазанның құлағы* т.б. сынды тіркестердің метафоралық әлеуеті бәсеңдеп, көмескіленген, алайда біз олардың тарихи семантикасына үңілмей-ақ, оңай түсінеміз.

Ресей Ғылым академиясының География институтында географиялық терминдерді талдау барысында зерттеушілер олардың таза метафора екендігіне көз жеткізген [9, 104 б.].

Қазақ танымында түр-түске қатысты көптеген метафоралық конструкциялар бар, оның ішінде окказионалды тіркестер, мәселен, *қоңыр* түсінің ұлттық поэзияда, прозадағы ауқымды көркемдеуіш, эстетикалық әлеуетіне тоқталмай, тек оның киелі семантикасын бір ғана мысалмен атап өтеміз.

*Қоңыр аң*, м и ф. *Киелі аң*. Тау тағылары, дәстүрлі түсінікті белгілі уақыт өткен соң өлген адамның қайта жанданған рухы арқар, бұғы, тау ешкі, елік қатарлы тағыларға көшеді, оларды қоңыр емес киелі аң деп атайды. “Мұндай киелі аңдарды қазақта “*Қ о ң ы р а ң*,” “Кұдайдың малы” деп сенген (Қаз. әдет-ғұрып.). Бұл кезде елік, күдір сияқты *қ о ң ы р а ң д а р* етекке, ұсақ адырлы тепсеңге түседі (С.Бегалин, Шығ. жин.) [10].

Қазақ халқының ежелгі космогониялық танымындағы *Құс жолы*, *Темірқазық*, *Қырыққарақшы*, *Қарақұрт жұлдызы*, *Теке Сүмбіле*, *Есекқырған*, *Сұлусары*, *Құсқанаты*, *Жеті қарақшы*, *Үркер*, *Кемпірқосақ*, *Ақбозат* т.б. сынды аспан әлемі, ғарыш кеңістігіндегі жұлдыз, шоқжұлдыз атаулары–метафоралық аталымның нәтижесі. Эстетикалық тұрғыдан көркем де әсем ғарыш атаулары қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан қайталанбас көркем ойлау қасиетін паш етіп тұр. Мәселен, *Жеті қарақшы* астронимі өзге тілдерде басқаша бейнелермен метафоралнаған екен, орыс, славян және бірқатар еуропа тілдерінде тілдерінде *Большая медведица*, *Великий медведь*, *Big Dipper*, *Great Bear*, *Ursa Major*, ал монғол тілінде *Үлкен үзеңгі* дейді екен. Кейбір тілдерде Жеті қарақшы жұлдызын соқаға, төңкерілген шөмішке теңеген екен. Яғни космонимдердің әрбір халықтың аспанға көз тіккенде өз дүниетанымына сай, өзінің ғалам бейнесінде бар образдарға, сол халықтың көркем ойлау жүйесіне тән және мифтік танымына сай жасалғандығын баса айтқымыз келеді. Сондай ақ халықтың астрономиялық танымындағы *күн тоқырау*, *ай тұтылу*, *ай жаңарды* т.б. көптеген тұрақты тіркестер–метафоралық аталымның жемісі. *Ботагөз*, *Айсұлу*, *Күнсұлу*, *Айгерім* сынды т.б. көптеген антропонимдер де метафоралану арқылы жасалған. Қазақ лингвотанымында сұлулық символына айналған бұл есімдерді, жалпы кейбір қазақы мәдени стереотиптерді өзге лингвомәдениет өкілі адекватты түрде қабылдамауы, түсінбеуі мүмкін.

Топонимдік лексика деңгейіндегі метафоралану әрекеті сәйкестендіргіш (идентификация) метафора түріне жатады. Оларды біз негізгі екі топқа бөліп қарастырамыз: 1) семантикалық (адам және жануар анатомиялық терминдері) атаулардың метафоралануы, 2) материалдық және рухани мәдениет лексикасының екінші метафоралануы. Екінші топқа жататын атаулар: *Сандықтас*, *Сандықтау*, *Кебежетас*, *Кережетас*, *Астауқобы*, *Табақбұлақ*, *Қоржынбұлақ*, *Саптыаяқ*, *Шоқпартас*, *Үйтас*, *Текшебұлақ*, *Қазанишұңқыр*, *Қойтас*, *Құрықсай*, *Шаракөл*, *Шымылдықсай*, қосымша мифологиялық метафора үстемеленген *Келіншектау*, *Оқжетпес*, *Жекебатыр* т.б.

Байқап отырғанымыздай, екіншілік метафоралық номинацияға негіз болған (сфера-источник) дереккөздік сала – қазақ тіліндегі этнографиялық лексика, яғни этномәдени мазмұндағы халықтың өткен өмірінен ақпарат беріп тұр. Олар: *сандық, табақ, қоржын, кебеже, текше, саптыаяқ, науа, астау, қазан, құрық, шара, шоқпар, қой, босаға, найза, бәйге, шымылдық* сынды лексемалар.

Екіншілік метафоралық номинацияның семантикалық транспозиция нәтижесі ретінде метафораның автономдық және бейавтономдық түрлерін айыруға болады. Метафораның автономдық немесе автономдық емес сипатын мәтінде ғана айыруға болады. Мәселен, автономдық метафора *жота* болса, бейавтономдық метафора *таудың жотасы*.

Екіншілік метафоралық номинация тіл мен сөйлеу деңгейлерінде тілдік және көркем метафоралар түрінде көрініс табады. Тілдік метафора (метафоралық номинация) деп мына талаптарға сай екіншілік номинация түсініледі: 1) қазіргі тілдік ұжым білетін түрлі денотаттарды салыстыруға мүмкіндік беретін семантикалық екіұдайылықтың болуы; 2) (тұтас қабылдауды) салыстырылып отырған мәнділіктерді тұтас, көру-сезіну арқылы қабылдауды қамтамасыз ететін мағынаның бейнелі элементінің болуы, ол оларды баламалаған сайын әрдайым логикалық операцияға жүгіне беруге мүмкіндік береді.

Тілдік метафоралық номинация жүйелілік сипатқа ие және объективті болады (ұжымның заттық-ұғымдық байланысын көрсетеді, коммуникативтік қызмет атқарады). Ал көркем метафора, керісінше, жүйелі болмайды, субъективті сипатта болады (әлемге деген жеке көзқарасты көрсетеді) және эстетикалық қызмет атқарады.

Метафораға мынадай аса маңызды сипаттар тән: ол (қазіргі әлемде) ойлау мен танымның, іргелі мәдени құндылықтардың көрінісі, өйткені ол ұлттық-мәдени менталитетке, дүниені қабылдауға негізделген.

В.Н. Телияның пайымдауынша, метафора адамның әлемді қабылдау призмасы релін атқарады, өйткені метафора тілдің ішкі формасында, сондай-ақ мифологиялық архетиптерде т.б. ұлттық спецификалық тұрғыдан көрініс табады [8, 195 б.]. Сөйтіп метафора – бұрынғы ескі білімдер мен түсініктерді қолдануға арналатын, жаңа нәрсені түсінуге бағытталған және ол тілде көрініс тапқан әмбебап механизм немесе әлем туралы ойлаудың жолы.

Ұлттық жер-су атауларында материалдық зат атаулары «жаңа» мазмұндағы оним жасаудағы метафоралық номинация механизмінің ерекшелігі қандай дегенге жауап іздеп көрелік. Ұлттық мәдениетті қоршаған әлемді қабылдау, тану барысында менталдық құрылымдар түрінде, яғни «символдық ғалам» ретінде елестетуге болады

Халқымыздың өткен өміріндегі этномәдени кеңістігіндегі күнделікті тұрмыстағы заттары, артефактар әлемі «бұрыннан» атауға ие *сандық, кебеже, табақ, шара, шоқпар, таға, қауға, шелек, қазан, аша, ақыр, науа, қазық, кереге, шаңырақ* т.б. сынды метафоралық номинация операция нәтижесінде *жер-су, тас төбе, тау, өзен, су, бұлақтарға* ат қоюға негіз болған.

Бұл метафоралық номинацияның сәйкестендіруші түріне жатады. Санада аса бір жоғары абстрактілі менталдық операциялардың өтуін қажет етпейді. Салғастырылатын екі объектіні физикалық визуалды қабылдау арқылы олардың белгілерінің сәйкестігін, ұқсастығын табу арқылы тікелей номинациялау. Яғни логикалық-рационалдық тұрғыдан бұл менталдық операцияның өту ретін мынадай деп түсінеміз: нысана-сала, нақты физикалық объект: *тау, төбе, бұлақ, су* т.б. → адам жадындағы көру арқылы қабылдау доменіндегі *пішін* фреймі өзектеледі → адамның өмір тәжірибесі, қоршаған артефактілер, тұтынатын таныс заттардың (*сандық, кебеже, текше, кереге, табақ, найза*, т.б. сынды) ішінен ойша іріктеу операциясы өтеді → географиялық реалийге сырттай мейлінше (максималды) ұқсас заттың ой бейнесін елестету, салғастыру операциясы → артефакт ойбейнесінде географиялық реалийдің ортақ белгісін табу (накладывание, наложение) → номинация актісі аяқталады.

Зерттеушілер метафораның концептуалдық теориясына сәйкес метафоралану негізінде білімдер құрылымдарының (фрейм, сценарийлер) екі концептуалдық домендері – *дереккөз саласы* (сфера – источник – source domain) және *нысана саласы* (сфера – мишень – target domain) жатады [3, 387-415 бб.].

Топонимдердің метафоралану номинациясының когнитивтік моделін қарастырып көрелік.

Этнографиялық бұйым мен географиялық нысананың ортақ белгілерін салыстыру, салғастыру барысында метафоралық номинация нәтижесінде табиғи нысана атауы – оним пайда болады. Мұны біз *топонимиялық артефактік метафоралану нәтижесі* деп қараймыз. Оның метафоралану процесіне төрт компонент атсалысады екі категорияға жататын нысаналар: 1. (*бұйым*) *сандық* және *тау*; 2. әрқайсысының жеке (салыстырылатын) белгілері.

*Сандықтас* топонимінің метафоралық номинация үрдісі: 1. дереккөз-сала (донор) нысанасы – *сандық*; 2. нысана-сала (реципиент) нысанасы – *тас*; 3. дереккөз саланың ортақ белгісі – *пішін, форма* фреймі; 4. нысан - саланың ортақ белгісі – *пішін, форма*; 5. субфрейм *тікбұрышты*; 6. субфрейм немесе *тікбұрышты* слотындағы уәж – *ұқсастық*.

Топонимдік атау туғызуға негіз болған уәж – «ұқсастық». Ұқсастық өз кезегінде екі нысанаға тән ортақ белгілері – «*пішін, форманы*» салғастыру процесінде, оның ішінде *тікбұрышты* субфреймі өзектелуі арқасында өтеді.

*Шаракөл* гидронимінің жасалуына ұйытқы болған уәж салғастырылатын екі нысананың ортақ белгілеріндегі *пішін* фреймінің *дөңгелек* слоты (субфреймі) өзектеліп, метафоралық номинация үдерісіне арқау болып тұр.

Сол сияқты *Табақбұлақ, Қазанишұңқыр, Шаңырақтас* т.б. атауларда салыстырылатын нысаналардың *пішін* ортақ белгісі фрейміндегі шеңбер сияқты *дөңгелек*, субфреймі өзектеледі.

Ал *Қаузақұдық, Шымылдықсай* атауларында екі нысананы салыстыру процесі функционалдық сипатқа ие, яғни дереккөз-нысандар – *қауға, шымылдық* пен нысана-салалар *құдық, сай* ортақ белгі қауғаның –



*сыйымдылығы*, яғни *өлшем* фреймі, шымылдықтың – бөліп тұру, яғни *қызметтік* (функционалды) фреймі өзектеледі.

Ал *қауғаның* сыйымдылығы, *өлшем* фреймінде малдың бас терісінен жасалған ыдыстың (малдың жасына қарай) 3, 5, 10 литр мөлшерде болуы мүмкін, қауғаның нақты сыйымдылығы тиісті субфреймде өзектеледі.

Өз кезегінде жоғарыда айтылғандар экстралингвистикалық сипаттағы халықтық білімдер жүйесіне жатады, яғни бір қарағанда семантикасы айқын, түсінікті болып көрінгенімен, бұл атаулар негізінде кодталған танымдық этномәдени ақпарат жатыр. Оларды атауларға қажетті концептілік, фреймдік талдаулар жүргізу арқылы айқындауға болады.

Мағынаның метафоралануы бір семантикалық категория аясында өте алады. Сондай-ақ, метафоралану үшін бір семантикалық топқа жататын ұғым лексикалық кедергілерден оп-оңай екінші семантикалық топқа секіріп өте алады да, бұрынғы, бастпақы мағынаға қосымша жетпей жатқан жаңа мағына үстейді.

### **Қорытынды**

Когнитивтік метафора ономастиканың ең өнімді атау жасауға қатысатын тілдік құрал. Әсіресе, халықтық географиялық терминдерінің барлығы дерлік метафоралану нәтижесінде пайда болған алғашқылық генетикалық метафора түріне жататындығы дәйектелді. Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі күнделікті тұрмыстық тұтыну зат атаулары топоним жасауға белсенділігінің жоғары екендігі байқалды. *Шаракөл, Сандықтас, Қауғақұдық* т.б. сынды топонимдердің аталымындағы когнитивтік метафораның концептуалдану механизмі көрсетілді. Метафораның әлем тілдеріндегі әмбебаптық сипаты адамзаттың биоәлеуметтік қасиеттерінің ортақтығы, ұқсастығы. Алайда қоршаған дүниені қабылдау барысында әр халықтың қалыптасқан этникалық, өмір тәжірибесі, шаруашылық ерекшелігі мен табиғи-географиялық фактор, эстетикалық қабылдау ерекшеліктері ономастикалық атаудың аталым уәжіне тікелей ықпал ететіндігін көреміз. Оны *Жеті қарақшы, Ақбозат, Құс жолы, Үркер* т.б. космонимдерінен ақ байқауға болады.

Сондай ақ метафора тек жаңа ұғым тудырушы тілдік құрал ғана емес, онда мифонимдердің екіншілік семантикалық деңгейінде жасырын, кодталған халықтық білімдер мен құндылықтар, антиқұндылықтар жүйесі жатыр. Сол білімдерді аршып, айқындау, түсіндіру жұмыстары тіл иелменінің лингвотанымдық құзыретін арттыруда, жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды дидактикалық материал бола алады.

Н.Д. Арутюнованың пайымдауынша, заттың метафоралық номинациясы образдылықтың тез бәсеңдеуіне әкеліп соғады. Бұл автордың: «Метафора выручает словотворчество: непрерывное производство все новых и новых слов отяготило бы человеческую память невероятным грузом», - деген дәйекті ойы әрбір жаңа ұғымға жаңа сөз ойлап табудан, тілдегі сөздерді шамадан тыс көбейте беруден құтылудың амалы – таныс сөздердің тіркесуінен жаңа ұғым тудыру, метафоралау жолы екендігін дәлелдей түседі [5, 361 б.] .

Зерттеу нәтижесін лингвомәдениеттану, когнитивтік ономастика курстарында, практикада корпустық линвистиканың ономастикалық ішкорпусындағы ономастикалық бірліктердің этномәдени семантикасын айқындауға, сондай ақ, жалпы мәдени репрезентативті ішкорпустарды әзірлеуге, материалдарын лингвомәдени сөздіктерді әзірлеуге қолдануға болады.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт. автореф...: 10.02.02. Алматы. – 2007. – 51 б.
- [2] Маккормак Э. Когнитивная теория метафоры //Теория Метафоры / под ред. Н.Д.Арутюновой и М.А.Журинской. – М.: Прогресс, 1990. – С. 358 – 386.
- [3] Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем / пер. с англ.; под ред. и с предисл. А.Н.Баранова. – М.: ЛКИ, 2008. – 256 с.
- [4] Краткий словарь когнитивных терминов. // Под общей редакцией Кубрякова Е.С. – М., 1996. – 340 с.
- [5] Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.
- [6] Фоконье Г., Тернер М. Концептуальные интеграционные сети // Когнитивная наука. –1998. –№ 2. Вып. 22. – С. 133-187.
- [7] Арутюнова Н.Д. Логический анализ языка. Культурные концепты. – Москва, 1991. – 204 с.
- [8] Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины // Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – Москва, Наука, 1988. – С. 173–203.
- [9] Харченко В.К. Функции метафоры. – Воронеж, 1992.
- [10] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық (2011). Т.10/ Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы. –752 б.

### REFERENCES

- [1] Uäli N. Qazaq söz mädenietimñ teorialyq negizderi: (Theoretical foundations of Kazakh word culture). Filol.ğyl.dokt. avtoref...: 10.02.02. Almaty. 2007. 51 b. [in Kaz.]
- [2] Makkormak Je. Kognitivnaja teoriya metafory //Teoriya Metafory (Cognitive Theory of Metaphor // Metaphor Theory)/ pod red. N.D.Arutjunovoj i M.A.Zhurinskoj. M.: Progress, 1990. S. 358–386. [in Rus.]
- [3] Lakoff Dzh., Dzhonson M. Metafory, kotorymi my zhivem (Metaphors we live by) / per. s angl.; pod red. i s predisl. A.N.Baranova. M.: LKI, 2008. 256 s. [in Rus.]
- [4] Kratkij slovar' kognitivnyh terminov (A brief glossary of cognitive terms). // Pod obshhej redakciej Kubrjakova E.S. M., 1996. 340 s. [in Rus.]
- [5] Arutjunova N.D. Jazyk i mir cheloveka (Language and the human world). M.: Jazyki russkoj kul'tury, 1999. 896 s. [in Rus.]
- [6] Fokon'e G., Tern'er M. Konceptual'nye integracionnye seti (Conceptual integration networks) // Kognitivnaja nauka. 1998. № 2. Vyp. 22. S. 133-187. [in Rus.]
- [7] Arutjunova N.D. Logicheskij analiz jazyka. Kul'turnye koncepty (Logical analysis of language. Cultural concepts). Moskva, 1991. 204 s. [in Rus.]
- [8] Telija V.N. Metaforizacija i ee rol' v sozdanii jazykovoj kartiny // Rol' chelovecheskogo faktora v jazyke: jazyk i kartina mira (Metaphorisation and its role in creating a language picture // The role of the human factor in language: language and world picture). Moskva: Nauka, 1988. S. 173–203. [in Rus.]
- [9] Harchenko V.K. Funkcii metafory (Functions of metaphor). Voronezh, 1992. [in Rus.]

[10] Qazaq ädebi tılınıñ sözdıǵı. On bes tomdyq (Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes) (2011). T.10/ Qūrast.: M.Malbaqov, N.Oñǵarbaeva, A.Üderbaev jáne t.b. Almaty. 752 b. [in Kaz.]

## ЛИНГВОПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КОГНИТИВНОЙ МЕТАФОРЫ (на основе ономастического материала)

\*Рысберген К.К.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>Доктор филологических наук, Институт языкознания им.А.Байтурсынова  
Алматы, Казахстан,  
e-mail: [ms.rysbergen@mail.ru](mailto:ms.rysbergen@mail.ru)  
ORCID: [0000-0002-4205-9655](https://orcid.org/0000-0002-4205-9655)

**Аннотация.** Цель статьи – определение феномена когнитивной метафоры в номинации казахских ономастических названий, ее лингвокогнитивного потенциала, а также культурной семантики географических названий, которая представляет собой языковую категорию с высокой степенью репрезентативности. В содержании национальных топонимов сосредоточена система народных знаний с разнообразной этнокультурной информацией. В статье указаны виды и фундаментальные характеристики когнитивных метафор, а также механизмы метафорической номинации, участвующих в топонимообразовании. Рассматриваются пути концептуализации метафоры в процессе топонимообразования в когнитивном сознании и их этнокультурные параметры. Новизна исследования заключена в том, что выявлена высокая активность лингвокогнитивного потенциала метафоризации географических названий, образованных от соматических терминов и названий предметов материальной культуры.

Выводы о том, что закодированная имплицитная информация в семантике мифонимов аксиологически насыщена, информирует о морально-этических ценностях и антиценностях этноса, расширяют теоретическую базу лингвокогнитологии, когнитивной ономастики, отечественной ономастической науки. На конкретных примерах показано, что особенности концептуализации когнитивной метафоры определяются особыми когнитивными структурами (фрейм, подфрейм, слот) в процессе создания онима, что предопределяет ценность темы исследования и использованные методы исследования. Сделан вывод о том, что исследование особенностей метафорической номинации является перспективным направлением в изучении онимических единиц и в других отраслях ономастики, оказывающей существенное влияние на выявление закодированной культурной информации, народных знаний, сосредоточенных в их семантическом ядре, концептуально-ассоциативном поле.

В исследовании использовались концептуальный компонентный анализ, методы когнитивного моделирования. Эти методы позволяют объяснить концептуальную семантику ономастических имен, образованных путем метафоризации.

Результаты исследования могут быть использованы для определения этнокультурной семантики ономастических единиц ономастического подкорпуса Национального корпуса казахского языка, в элективных курсах по лингвокультурологии, когнитивной ономастике, а также для разработки культурно-репрезентативных подкорпусов.

**Ключевые слова:** когнитивная метафора, ономастика, топоним, мифоним, этнокультурная информация, метафорическая номинация, географические термины, соматические метафоры.

Статья подготовлена в рамках грантового проекта Министерства культуры и спорта РК ВР08555303 «Лингвокультурологический словарь казахского языка: этносемантический анализ»

LINGUO-COGNITIVE POTENTIAL OF COGNITIVE METAPHOR

**(based on onomastic material)**

\*Rysbergen K.K.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>Doctor of Philology, Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly,

Almaty, Kazakhstan,

e-mail: [ms.rysbergen@mail.ru](mailto:ms.rysbergen@mail.ru)

ORCID: [0000-0002-4205-9655](https://orcid.org/0000-0002-4205-9655)

**Abstract.** The aim of the article is to determine the phenomenon of cognitive metaphor in the nomination of Kazakh onomastic names and its linguistic and cognitive potential, and that the cultural semantics of place names is a linguistic category with a high degree of representation. The content of the national toponyms concentrates the system of folk knowledge with a variety of ethno-cultural information. The article specifies the types and fundamental characteristics of cognitive metaphors, as well as the mechanisms of metaphorical nomination involved in toponymic formation. The ways of metaphor conceptualization in the process of toponymic formation in cognitive consciousness and their ethnocultural parameters are considered. The novelty of the study is predetermined by the fact that the high activity of linguocognitive potential of metaphorization of geographical names, formed from somatic terms and names of objects of material culture is revealed.

The conclusions that the coded implicit information in the semantics of mythonyms is axiologically rich and informs about the moral and ethical values and anti-values of the ethnic group, expand the theoretical basis of linguocognitology, cognitive onomastics and the national onomastic science. Specific examples show that peculiarities of cognitive metaphor conceptualization are determined by the special cognitive structures (frame, sub-frame, slot) in the process of creation of the imagery, which predetermines the value of the research topic and used research methods. It is concluded that the study of the features of metaphoric nomination is a promising direction in the study of onimic units in other branches of onomastics, which has a significant impact on the identification of encoded cultural information, folk knowledge, concentrated in their semantic core, the conceptual and associative field.

The study used conceptual component analysis, cognitive modelling methods. These methods make it possible to explain the conceptual semantics of onomastic names formed by metaphorization.

In practice, the results of the study can be used to determine the ethno-cultural semantics of onomastic units of the onomastic subcorpus of the National Corpus of the Kazakh language, in special courses on linguoculturalism and cognitive onomastics, as well as to develop cultural representational subcorpus.

**Keywords:** cognitive metaphor, onomastics, toponym, mythonym, ethnocultural information, metaphorical nomination, geographical terms, somatic metaphors.

**The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan VR08555303 “Linguistic and cultural dictionary of the Kazakh language: ethnosemantic analysis”**

*Статья поступила 31.01.2023*